

## Абай ауданындағы автотұрақтар үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық салық мөлшерлемелерінің көбеюі туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 42 сессиясының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы N 42/501 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 қантарда N 8-9-123 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 29 сессиясының 2018 жылғы 19 сәуірдегі N 29/324 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 29 сессиясының 19.04.2018 N 29/324 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Автотұрақтар (паркингтер) санаттары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың мөлшерлеме көлемінің базалық мөлшерлемесі ұлғайтыла отырып белгіленсін.
3. Абай ауданына жататын автотұрақтар (паркингтер), автомай құю бекеттері үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық мөлшерлемесін қолдануға жақын жатқан елді мекен болып Абай қаласы белгіленсін.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн откеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы

В. Черепанов

Абай аудандық

мәслихатының хатшысы

Б. Цай

КЕЛІСІЛДІ

Абай ауданы бойынша

салық басқармасының

бастығы

Т. Дүйсенова

12.12.2011 ж.

Абай аудандық мәслихатының

2011 жылғы 12 желтоқсандағы  
42 кезекті сессиясының  
N 42/501 шешіміне  
1 қосымша

## Абай ауданы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттары

P/c N	Автотұрақтардың түрлері	Санаттары
1.	Жер үстіндегі жабық типті автотұрақтар, ашық типті автотұрақтар. Басқа маңыздығы ғимараттарға жалғастырылған автотұрақтар, басқа маңыздығы ғимараттардың ішіне салынған автотұрақтар.	1 санат
2.	Ғимараттардың астындағы, жер астындағы, жертеолелердегі, шығынқы ірге немесе төменгі жер үсті қабаттарда орналасқан автотұрақтар	2 санат

Абай аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 12 желтоқсандағы  
42 кезекті сессиясының  
N 42/501 шешіміне  
2 қосымша

## Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын салық мөлшерлемесінің санатына қарай мөлшерлері

p./c. N	Автотұрақтардың санаты	Мөлшерлемелер
1.	1 санат	10 ессе
2.	2 санат	9 ессе